



### 3.1 Педагогикалық кеңестер.

**Мақсаты:** Тәрбие-оқыту процессінің деңгейін көтеру үшін ұжымның жұмысын белсендету, практикада педагогикалық ғылыми жетістіктер мен өзгек тәжірибені қолдану, балаларды сауықтыру, тәрбиелеу, оқыту және дамытуда педагогтардың жаңа пікірлермен толықтыру.

№	Педагогикалық кеңес тақырыбы және бағдарламалары.	Өткізілу түрлері.	Уақыты	Жауаптылар.
1	<b>Тақырыбы:</b> «2024- 2025оқу жылының жылдық жоспарын талқылау» <b>Талдау</b> «Жазғы сауықтыру мерзіміндегі балабақша ұжымының жұмысының қорытындысы» <b>Бекіту:</b> 1.Жаңа оқу жылына арналған оқу жоспарын; 2.Жалпыға міндетті мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің перспективтік жоспарларын:	Жиналыс	28.08.24	Менгеруші: А.Мырзағалиева Тәрбиеші Ш.Тайғужиева Әдіскер: Жоламанова. С. Тәрбиешілер.
2	«Балалардың біліктері мен дағдылардың даму мониторинг жүргізу бойынша жүргізілген бастапқы диагностиканың нәтижесінің қорытындысы»	Дөнгелек үстел	30.10.24	Тәрбиешілер
3	<b>Тақырыбы:</b> «Педагог ұжымның бірінші жарты жылындағы жұмыс қорытындысы» <b>Талдау</b> «Балалардың біліктері мен дағдыларының даму мониторинг жүргізу бойынша жүргізілген аралық диагностиканың нәтижелерінің қорытындысы»	Дөнгелек үстел	30.01.25	Әдіскер: Жоламанова. С.  Тәрбиешілер
4	<b>Талдау «Ұлттық ойындар»</b> жинағы. <b>Педагогикалық идеялар қоры /тәжірибе алмасу/:</b> «Балалардың ойлауын дамытудағы логикалық-математикалық ойындардың маңызы»» Кеңес	Жиналыс	27.03.25	Әдіскер: Жоламанова .С. Тәрбиешілер: Б.Улукпанова М.Утеуова
5	<b>Тақырыбы:</b> «2024-25 оқу жылының оқу тәрбие жұмысының қорытындысы» <b>Талдау:</b> «Мектепке дейінгі оқytудың типтік жалпыбілім бағдарламасын меңгерудің нәтижесі» <b>Бекіту:</b> Жазғы сауықтыру мерзіміне жұмыс жоспарын .	Жиналыс	29.05.25	Менгеруші: Әдіскер: Психолог: Тәрбиешілер: Музыка жетекшісі:

«Жолшы»бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны.

28.08.2024 жылы «Жолшы»бөбекжай-бақшасы»МҚКК педагогикалық кеңес отырысының № 1 хаттамасы.

Төрайымы: А.Мырзагалиева

Хатшы: С.Жоламанова

Қатысуға тиіс:7

1.А. Мырзагалиева

2.С.Жоламанова

3.М.Утеуова

4.Б.Улыкпанова

5.Ш.Тайгужиева

6.В.Кадирова

7.А.Жаңабаева

Күн тәртібінде: 1. Жазғы сауытыру мерзіміндегі балабақша жұмысының қорытындысын талдау.

2.Жаңа оқужылына арналған оқу жоспарын ;

3.Жалпыға міндетті мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің перспективтік жоспарын бекіту:

Педагогикалық кеңесті балабақша меңгеруші А.Мырзагалиева ашты.

Топ тәрбиешілері жазғы сауықтыру кезіндегі жұмыстарына тоқталық өтті.

Атқарған жұмыстарын балабақша инстаграмм парақшасына салынғанын тоқталып өтті.

Тындалды: Әдіскер С.Жоламанова

2024-2025 оқу жылында балабақшамыздың тәрбие мен оқыту процесін ұйымдастыру үшін «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын бекіту туралы» ҚР білім және ғылым министрі м.а 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығына, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына және 2024-2025 оқу жылында тәрбиелеу –білім беру процесін ұйымдастыру туралы» әдістемелік нұсқау хатын басшылыққа ала отырып жана оқу жылына оқу жоспары және перспективтік жоспарлар құрылды. 2024-2025 жылы бөбек жасындағы балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарын кіші топ «Еркетай»,

Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарын аралас топ «Күншуақ» топ жүзеге асырады.

Педагогикалық кеңес шешімі:

1. Жазғы сауытыру мерзіміндегі балабақша жұмысының қорытындысын «Жақсы» деген баға берілсін.

2.Жаңа оқужылына арналған оқу жоспары ;

3.Жалпыға міндетті мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің перспективтік жоспары бекітілсін:

Төр айымы:  Амырзагалиева

Хатшы:  С.Жоламанова



«Жолшы»бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны.

30.10.2024 жылы «Жолшы»бөбекжай-бақшасы» МКҚК педагогикалық кеңес отырысының № 2 хаттамасы.

Төрайымы: С.Жоламанова

Хатшы: В.Кадирова

Қатысуға тиіс: 8

1. С.Жоламанова

2. Р.Аманғосова

3. М.Утеуова

4. Б.Улыкпанова

5. Ш.Тайгужиева

6. В.Кадирова

7. А.Жанабаева

Күн тәртібінде: Балалардың біліктері мен дағдыларын дамыту мониторинг жүргізу бойынша жүргізілген бастапқы диагностикасының нәтижесінің қорытындысын талдау.

Тыңдалды: Әдіскер С.Жоламанова

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасын игеру бойынша 2024-2025 оқу жылында бастапқы мониторинг жүргізілді.

«Еркетай», «Күншуақ» топтарының бақылау парақтары толтырылып қорытындысына орай әр топқа қандай бағытта жұмыстар жүргізу керектігіне тоқталып өтті.

Сөйлеушілер: Ш.Тайгужиева

«Күншуақ» тобының мониторингінен алынған деректен, әр тәрбиеленушілерге жеке даму картасын толтырамыз және сол толтырылған кестеге сәйкес нәтижені жақсартуға бағытталған іс-шаралар өткіземіз.


В.Кадирова

«Еркетай» топ тәрбиеленушілерінің бағдарламаны игеру барысында музыка жетекшісі, ата-аналармен тығыз байланыста, түзету дамытушы шараларын жан-жақты зеріттеп, бағытталған жұмыстар жүргіземіз.

Педагогикалық кеңес шешімі:

Балалардың біліктері мен дағдыларын дамыту мониторинг жүргізу бойынша жүргізілген бастапқы диагностикасының нәтижесінің қорытындысына «Қанағаттанарлық» деген баға берілсін.

Төр айымы:  Амырзағалиева

Хатшы:  С.Жоламанова



«Жолшы»бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны.

30.01.2025 жылы «Жолшы»бөбекжай-бақшасы» МКҚК педагогикалық кеңес  
Әтырысының № 3 хаттамасы.

Төрайымы: С.Жоламанова

Хатшы: В.Кадирова

Қатысуға тиіс: 7

1. С.Жоламанова

2. Р.Амангосова

3. М.Утеуова

4. Б.Улыкпанова

5. Ш.Тайгужиева

6. В.Кадирова

7. А.Жаңабаева

Күн тәртібінде:

1. Педагог ұжымының бірінші жарты жылдығы жұмыс қорытындысы.

2. Балалардың біліктері мен дағдыларының даму мониторинг жүргізу бойынша жүргізілген аралық диагностикалық нәтижесінің қорытындысын талдау.

Тыңдалды: Тәрбиеші Б.Улыкпанова

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында даналық мектебі көптеген жұмыстар жүргізілді. Ұлттық салт дәстүрімізді жаңғыртып бүлдіршіндер бойына сіңіру, тәрбиелеу, дәріптеу, сөздер үйрету, сөздік қорын дамыту, ауызша сөйлеуге тәрбиелей отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдана алатын, әр күнделікті іс-әрекет кезіндегі тілдік қарым қатынас қолдана білуге жаттықтыру болды. Біздің мақсатымыз мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеу бағдарламасын орындау мақсатымен жылдық жоспарды міндеттерін жүзеге асыра отырып, балаларға білім бердік.

Тәрбиеші : Ш.Тайгужиева

Мектеп табалдырығын аттағанға дейін барлық тәлім тәрбие беру және әрбір ата-анамен де тіл табыса білу күрделі манызды іс болып табылады. Дағдылар бойынша балалар еркін ойнай отырып, өздерінің танымдық белсенділіктерін артыруда. Тәрбиеші мен тәрбиеленушілер арасында сенімді орта құрылған.

Мзыка жеткекшісі және топ тәрбиешілері тәрбие жұмысына тоқталып өтті.

Ерекше өткен іс-шараларын инстаграмм парақшасына және ютуб каналына жүктелгені туралы атты.

Педагогикалық кеңес шешімі:

1. Педагог ұжымының бірінші жарты жылдығы жұмыс қорытындысына;
2. Балалардың біліктері мен дағдыларының даму мониторинг жүргізу бойынша жүргізілген аралық диагностикалық нәтижесінің қорытындысына «Қанағаттанарлық» деген баға берілсін.

Төрайымы:  С.Жоламанова

Хатшы:  В.Кадирова

«Жолшы»бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны.

27.03.2025 жылы «Жолшы»бөбекжай-бақшасы» МКҚК педагогикалық кеңес отырысының № 4 хаттамасы.

Төрайымы: С.Жоламанова

Хатшы: В.Кадирова

Қатысуға тиіс: 8

1. С.Жоламанова

2. Р.Амангосова

3. М.Утеуова

4. Б.Улыкпанова

5. Ш.Тайгужиева

6. В.Кадирова

7. А.Жанабаева

Күн тәртібінде:

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша атқарылған жұмысты талдау.

Тыңдалды: Музыка жетекшісі А.Жанабаева

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша жан-жақты жұмыстар жүйелі түрде өткізілуде. Бекітілген жоспарға сай ата-анамен, ұжыммен бірлесіп ауданымызда ұйымдастырылған іс-шараға да өзіміздің үлесімізді қосып келеміз. Күнделікті өткізілетін ұлттық ойындарға, қоса «Қамажай», «Қара жорға» би жаттығуын қоса орындатып отырамыз. Би элементтері балалардың буындарын қатайтуға көп себебі тиетінін көріп отырмыз, музыка мен орындату ерекше сезімді тудырады.

Тәрбиеші: Б.Улыкпанова


Баланы қабылдаудан бастап күн тәртібіне орай жүргізілетін жұмыстар бағдарламаға сай жүргізіледі. Апталық циклограмманы айлық тақырыптан бастап, апта-дәйек сөздеріне дейін кірістіріп, жобалар, күй күмбірі, қауіпсіздік сабағына дейін кірістіріп жазып, оларды орындап келеміз.

Тәрбиеші: М.Утеуова

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша құрылған жұмыс жоспарымыз толығымен орындалып келеді. Күнделікті іс-әрекеттерінде де пайдалана отырып күн тәртібін бағдарламаға сай орындаймыз.

Педагогикалық кеңес шешімі:

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша атқарылған жұмысқа «Қанағаттанарлық» деген баға берілсін.

Төр айымы:  С.Жоламанова

Хатшы:  В.Кадирова



«Жолшы»бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық казыналық кәсіпорыны.

29.05.2025 жылы «Жолшы»бөбекжай-бақшасы» МКҚК педагогикалық кеңес отырысының № 5 хаттамасы.

Төрайымы: С.Жоламанова

Хатшы: В.Кадирова

Қатысуға тиіс: 7

1. С.Жоламанова

2. Р.Амангосова

3. М.Утеуова

4. Б.Улыкпанова

5. Ш.Тайгужиева

6. В.Кадирова

7. А.Жаңабаева

Күн тәртібінде: 1. 2024-2025 оқу жылының қорытындысын талдау.

2. Жазғы сауықтыру мерзімінің жұмыс жоспары бекіту.

Тыңдалды: «Еркетай» топ тәрбиешісі В.Кадирова

«Еркетай» топ тәрбиешілері кішкентай болсада бекітілген жұмыс жоспарын толығымен орындап шықтық. Бала қабылдағаннан бастап, үйге кайтқанға дейін дамытушы орта арқылы бағдарламаны игеру бойынша жұмыстар жүргізілді. Дамытушы орта балаларға қол жетімді және қауіпсіз болды. Өздерінің қалауларымен ойнап, қалауы бойынша окшауланып демела да білді.

«Күншуақ» топ тәрбиешісі Ш.Тайгужиева

Дамытушы орта балаға қабілеттерін пайдалануға, қызығушылықтарын мен мүмкіндіктеріне сүйене отырып, өзінің қызықтырған ойын материалдары мен ойнауға мүмкіндік алды. Ұйымдастырылған іс-әрекетін осындай тәсілмен орындау барысында көп жеңілдікпен жоспарланған мақсатқа жеттік.

Әдіскер С.Жоламанова Ойын әрекеті тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру мен мазмұнның ажырамас бөлігі табылатынын әр педагог біледі және әр педагогтің басты ұстанымы. Педагогтар мен тәрбиеленушілердің арасында сенімді орта құрылған.

Жан-жақтан келген қатынастарға жауап бере отырып педагогтер байқауларға және пәндік олимпиадаларға қатысып отырды. Іс-тәжірибесін де таратты.

Тәрбиеші: М.Утеуова

Жазғы сауықтыру мерзіміне дайындаған жұмыс жоспарын толықтай таныстырып өтті.

Педагогикалық кеңес шешімі:

1. 2024-2025 оқу жылының қорытындысына «Қанағаттанарлық» деген баға берілсін.

2. Жазғы сауықтыру мерзімінің жұмыс жоспары бекітілсін.

Төр айымы:  С.Жоламанова

Хатшы:  В.Кадирова



**«Жолшы» бөбекжай- бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық  
кәсіпорыны**

Қорытынды есеп

**Ойыл селосы  
2024-2025 оқу жыл**

Бөбекжайдың жылдық жоспары бойынша бес педагогикалық кеңес қойылған.

№1 педагогикалық кеңестің тақырыбы: МДҰ-ның жаңа оқу жылына арналған қызмет жоспарын қабылдау және бекіту. Мектепке дейінгі ұйымның жаңа оқу жылына дайындығы. Тәрбиешілер жылдық жоспармен таныстырылып, өтілетін іс-шаралар бекітілді, сабақ кестелері жаңа стандарт талаптарына сай оқу жоспарлары жасалынып, күн тәртіптері бекітілді.

№2 педагогикалық кеңес Балалардың біліктері мен дағдылардың даму мониторинг жүргізу бойынша жүргізілген бастапқы диагностиканың нәтижесінің қорытындысы туралы есеп беріп, талдау жүргізді.

№3 педагогикалық кеңес - «Педагог ұжымның бірінші жарты жылындағы жұмыс қортындысы» туралы және «Балалардың біліктері мен дағдыларының даму мониторинг жүргізу бойынша жүргізілген аралық диагностиканың нәтижелерінің қорытындысы» туралы талдау жұмысы талқыланды.

№4 педагогикалық кеңесі - Маманның микрофоны: «Ұлтық ойындар» Педагогикалық идеялар қоры /тәжірибе алмасу/ бағытында өткізілді.

№5 педагогикалық кеңес - балабақшаның педагогтары МДҰ-ның жылдық жұмыс тақырыбына байланысты өздерінің жұмыстары бойынша қорытынды есептерін берді. Онда жыл басында неше бала қабылданып, мониторинг бойынша бағалау деңгейін көрсетіп, бала осы оқу жыл бойы не үйренді, не білді, қандай жетістіктерге жеткені жайында, қандай іс – шаралар өткізгені айтылды. Бүлдіршіндермен күнделікті күн тәртібі бойынша жұмыстана отырып, ұйымдастырылған іс – әрекеттер берілген оқу жоспары бойынша жүргізіледі. Таңғы қабылдаудан соң таңғы жаттығулар жасалып отырады.

Қазақстан Республикасының Оқу – ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша Мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен 2024-2025 оқу жылына арналған кешенді жоспар құрылған, сол жоспарды жүзеге асыру мақсатында бөбекжайда жан-жақты талқыланып, бағдарланған жұмыстар атқарылды.

Сонымен бірге бөбекжайда әр түрлі мерекелік іс-шаралар да назардан тыс қалған емес, мерекелік іс-шаралар өз уақытында үнемі жүргізіліп тұрады.

Балабақша педагогтары өз шығармашылықтарын жетілдіру, насихаттау мақсатында баспасөз беттеріне, танымдық журналдарға мақалаларын, түрлі ашық сабақ үлгілерін, ертеңгіліктер мен өткізілген іс-шараларын үнемі жариялап отырады. Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы ұйымдастырған Мектепке дейінгі педагогтар арасында өткен облыстық пәндік олимпиадаға және басқа байқауларға қатысып жүлделі орын алуда.

Мектепке дейінгі педагогтар арасында өткен халықаралық пәндік олимпиада;

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың педагогтары арасында өткен

Облыстық «Үздік эссе» байқауы;

«Ақтөбе облыстық әдістемелік орталық» «Үздік ұйымдастырылған іс-әрекет» облыстық байқауы 2025 ж ;

Ақтөбе Дарын «Ұлы Жеңіске- мәңгілік тағзым» атты облыстық эссе байқауы 2025 ж;

Ақтөбе Дарын. Мектепке дейінгі және жалпы білім беру, қосымша білім беру ұйымдарының әдіскерлері мен тәрбиешілеріне арналған облыстық академиялық жарысы 2025 ж. байқауларға қатысты.

Сонымен қатар МДҰ тәрбиеленушілері республикалық, облыстық, аудандық байқауларға қатысып, жүлделі орындар иеленді.

### **Балабақша педагог-психологының жұмыс бағыты.**

**Мақсаты:** Психологиялық- педагогикалық қолдауды жүзеге асыру. Әрбір баланың психологиялық денсаулығы мен тұлғасының дамуын қолдау үшін жағдай жасауға көмектесу.

## Диагностикалық бағыттағы жұмыстар:

Алғашқы жұмыс күнімді “Жолшы” бөбекжай- бақшасының 2 тобымен танысудан бастадым. “Еркетай”, “Күншуақ” топтарының бақылау нәтижесінде балалардың зейініне, ойлау, есте сақтау қабілеттеріне, сөйлеу мәнеріне, жүріс- тұрыстарына, белсенділік қабілеттеріне көңіл бөлінді. Балалардың танымдық процесстерін анықтау мақсатында: “Суреттерді есте сақта”, “Мынау не?”, “Мынау суреттерде не жетіспейді?”, “Сөзді есінде сақта”, “Бір сөзбен ата”, “Бізге кім келгенін тауып ал” әдістемесі және т.б тапсырмалар, ойындар, жаттығулар орындалды. Бұл тапсырмалар балалардың есте сақтау, ойлау қабілеттерін, зейінін, сөйлеу мәнерін, қиял және қимыл- қозғалыс, қарым- қатынас дағдыларын дамыту мақсатында жүргізілді.

Тәрбиешілері мен достары арасындағы қарым- қатынас дағдысын бақылай отырып, балаға көмек көрсету, демеуші болуға шақырады.

Сонымен қатар Ұжымға арналған сауалнамалар, кеңестер берілді.

Мақсаты: Ұжымның психологиялық ахуалын байқау, жақсарту

**Профилактикалық бағытындағы жұмыстар:** Бейімделу кезеңіне сүйемелдеу мақсатында “Күншуақ”, “Еркетай” тобының балаларымен психологиялық ойын- жаттығулар жүргізілді. “Орманға саяхат”, “Көліктер”, “Кел танысайық” т.б тақырыбында психологиялық оқу қызметі өткізілді. Бұл баланың балабақшаға тез бейімделуіне көмегін тигізу мақсатында жүргізілді. “Еркетай”, “Күншуақ” тобының ата- аналар жиналысына қатысып, “ Балабақшада бірінші рет” ата- аналарға арналған жадынама таратылды. Мақсаты. Бала тәрбиесіндегі басты рөл атқарушы- отбасы. Сондықтан ата- ананың бала көңілін таба білуіне ой қозғау, баланың балабақшаға тез бейімделуіне көмегін көрсету.

Түзету- дамыту және кеңес беру жұмысы:

Балабақшада әр кезде балалармен, ата- аналармен, тәрбиешілермен жеке психологиялық сүйемелдеу жолында кеңес, түзету- дамыту жұмыстары жүргізіліп тұрады.

## 2024-2025 оқу жылында атқарылған жұмыс бағытындағы көріністер.









### **Тәрбиелеу – білім беру процесі.**

2-жастан балалардың қимыл-қозғалысы көбейген кезде, олардың айналаны жақсылап зерттеуімен шынығып өсуіне мол мүмкіндік ашылады. Балалардың жас ерекшелігіне сәйкес ресурстармен қамтамасыз етілген қауіпсіз және қызықты дамытушы орталар балалардың әрнәрсені білуге әуестігімен қызығушылығын дамытып, дене қабілеттерімен үйлесімділігін жетілдіруге көмектеседі. Бұл кезде балалар өзін-өзі бақылауды және басқа адамдармен қарым-қатынас дағдыларын үйрене бастайды. Соған сәйкес жағымды қарым-қатынас арқылы балалардың бойында әлеуметтік және ақыл-ой қабілеттерін дамытуды ынталандыруға болады. Өздерінің қарым-қатынас дағдыларын дамыта отырып, балалар өзін-өзі бағалау, өзінің қажеттіліктерімен сезімдерін білдіру қабілетін жетілдіре бастайды. Балалар бейвербалды қарым-қатынаспен қатар

күнделікті заттармен адамдарға қатысты қолданылатын бірқатар қарапайым сөздерді үйренеді. Бұл кезеңде педагогтердің көмегімен қолдауының арқасында балалардың қарым-қатынас дағдылары жетіліп, сөздік қоры арта түседі.

3-жаста балалардың ұсақ моторикасын дамыту жалғасады, оларға әртүрлі материалдарды пайдалану, белгілі бір таңбаларды қою, суретті кітаптарды қарау және ертегілермен әңгімелерді тыңдау сауаттылықты дамытудағы маңызды қадам болып табылады. Егер ересектер балаларға тамақтану, киіну және дәретхананы пайдалану сияқты нәрселерде көмектесіп, қолдайтын болса, балалар бұларды өз бетінше орындауды және тәуелсіз болуды үйренеді. Балаларды жаңа жетістіктері үшін мадақтау олардың өзіне сенімділігін нығайтуға көмектеседі. Бұл кезеңде балалардың тілі тез дамиды және олардың көпшілігі сөйлем құрастырып айтуды үйренеді. Балаларды әңгімеге тарту—оларға жаңа нәрселерді үйретудің, келер шақ, осы шақ және өткен шақ туралы түсінік қалыптастырудың тиімді тәсілі. Баланың физикалық дағдыларын дамыту арқылы балалардың жүру, өрмелеу және жүгіру дағдыларын жетілдіруді, сондай-ақ басқа балалармен ойнауға белсенді қатыса алатындығын білдіреді. Бұл қауіпті және қауіпсіз нәрселердің арасын ажырата білуді үйренетін маңызды кезең болып табылады.

4-5 жас Балалардың өз іс-әрекетін жоспарлауы, белгілі бір ойды құрып, жүзеге асыра білуі жетілдіріледі, әрекеттің мақсатын, оған жету тәсілдерін ойластырады. Дидактикалық, қимылды және бірлескен сюжетті-рөлді ойындар ерекше маңызға ие болады. Ойын барысында балалардың танымдық процестері, мінез-құлық дағдылары қалыптасады, байқағыштығы дамиды, ережелерге бағына алады.

Жоғарыда көрсетілгендей екі топта да заттық-кеңістіктік дамытушы орта балалардың ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін және ойнау мүмкіндіктерін ескере отырып ұйымдастырылады. Дамытушы ортаға қойылатын жалпы талаптарға сәйкес - қауіпсіз; қолжетімді; әртүрлі; мазмұнды; көп атқарымды; өзгермелі; тартымды. Дамытушы орта балаға өз қабілеттерін пайдалануға, қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне сүйене отырып, өзін қызықтыратын ойын материалдарымен ойнауға мүмкіндік береді. Балалар әрекетін осындай тәсілмен ұйымдастыру нәтижеге бағытталған даму механизмін құрайды. Бала жоспарланған мақсатты жүзеге асыруға ұмтылады, яғни Үлгілік оқу бағдарламасын іске асыруды қамтамасыз етеді.

**Физикалық білім беру дағдысы бойынша:** Дене шынықтыру іс – әрекеті бойынша балалардың шынығу жаттығуына қызығушылығы артып, қимыл – қозғалыс ептілігімен дағдыларын жетілдіріп, жүру, жүгіру, лақтыру, қағып алу, еңбектеу, сапқа тұру, қозғалыс ойындары арқылы дене күшінің қасиетін дамыту жұмыстары жүргізілді. Ертеңгілік жаттығулар уақытында өтіледі. Сауықтыру-шынықтыру шаралары әр топта жас ерекшеліктеріне қарай жүйелі түрде өтіледі. Балалардың денсаулығын нығайту мақсатында, өсіп келе жатқан ағзаларына дене мүсінін сымбатты ету үшін гимнастикалық жаттығулар жасалынады.

#### **Коммуникативтік дағдыларды дамыту бойынша:**

Коммуникативтік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет және қазақ тілі

ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы ойын түрінде түрлі балалар әрекеттерінде күн сайын жүзеге асырылды.

Тәрбиеленушілердің сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу бағытында жүргізілді.

Тілдің грамматикалық құрылымы бойынша - сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану, зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдануға үйреттік.

Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және түсінікті жауап беру дағдысын қалыптастырдық.

### **Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту бойынша:**

Математика, сенсорика, құрастыру іс – әрекетінде 1 – 5 ке дейін санауды үйренді. Дөңгелек, төртбұрыш, үшбұрыш, шаршы секілді геометриялық пішіндер туралы білімдерін толықтырып, ажырата білді. Қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру іс – әрекеті арқылы балалар биік – аласы, ұзын – қысқа, жуан – жіңішке, т.б ұғымдарды үйреніп, тәжірибеде қолдана біледі. Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру оқу қызметінде балалар сандармен танысып, кері қарай санауды үйренді. Заттарды көлеміне қарай ажыратып, «қысқа», «қысқарак», «өте қысқа», «кіші», «кішірек», «тым кіші», «үлкен», «үлкенірек», «өте үлкен» сөздерін дұрыс қолдануды үйренді. Балалар уақытты бағдарлауды, тәулік бөліктері мен адамдардың іс-әрекеті арасындағы байланысты анықтауды үйренді. Қағаз бетінде бағдарлауды, сол жақ жоғарғы, оң жақ төменгі, ортасы түсініктерімен таныс болды. Әр түрлі пішіндер арасынан белгілі бір пішінді табуды, сол пішінге ұқсас заттарды топтастыруды үйренді. Оқу үрдісінде оқытудың жаңа формалары мен әдістерін, ақпараттық коммуникативтік технологияны тиімді пайдаланып, балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту арқылы уақытты бағдарлауды, тәулік бөліктері мен адамдардың іс-әрекеті арасындағы байланысты анықтауды үйренді. Қағаз бетінде бағдарлауды, сол жақ жоғарғы, оң жақ төменгі, ортасы түсініктерімен таныс болды. Әр түрлі пішіндер арасынан белгілі бір пішінді табуды, сол пішінге ұқсас заттарды топтастыруды үйренді.

### **Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту бойынша:**

Бейнелеу, мүсіндеу, жапсыру іс – әрекеті бойынша балалардың сурет салу, есте сақтау қабілеттерін арттыру, «Жаңбырлы күн», «сары жапырақтар», «жаңа жылдық шырша» т.б. тақырыптар бойынша сурет салып үйренді. Мүсіндеу іс – әрекеті арқылы ермексазды алақан арасына салып, айналдыра домалақтау, жалпақтау, шымшып созу тәсілдерін үйренді. Ермексазбен жұмыс жасауда саусақтардың, қолдың, иықтың бұлшық еттерін жетілдіре отырып, қимыл – қозғалыс икемділігін дамыту, құрылысы бірнеше бөліктерден тұратын мүсіндеуді үйренді. Жапсыру іс – әрекетінде жемілдеудің әдіс – тәсілдерін меңгерді. Ұқыпты жұмыс істеуге дағдыландыру, қағазды қиюды үйрету. Қиылған пішіндерден белгілі бір заттың бейнесін жасауға үйренді. Балаларға суреттерді өздігімен бояуды, қылқаламды дұрыс ұстауды үйретеміз. Бірнеше бөліктерден тұратын заттарды мүсіндеуді үйренді. Сурет оқу қызметінде суреттің өзін ғана салып қоймай суреттерді қиып, құрастырып, сосын бояу тәсілі, үзік сызықтарды қосып сызып бояу тәсілі және де түрлі қызықты әдістер мен түрлі материалдар қолдану арқылы жүргізілді.

Музыка оқу қызметінде музыкалық және шулы ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуды, балалармен бірге ән салуды, әуенмен бірге би қимылдарын орындауды үйренді.

### **Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру бойынша:**

Көркем әдебиет іс – әрекеті арқылы балалардың сөздік қорларын, тіл байлығын, есте сақтау қабілеттерін арттыру, өз еркімен ойларын еркін айта білуді біледі. Балаларды қоршаған ортамен таныстыру, туған өлкенің өсімдіктері, көкөністері мен жемістері, туралы, жерде жүретін және аспанда ұшатын қозғалыс құралдары туралы, жаяу жүргіншілерге арналған қарапайым ережелермен таныстырып, үйретілді. Сонымен қатар балаларға бізді қоршап тұрған табиғатпен таныстырдық. Өлі табиғат нысандарына: күн, ауа, су, топырақ, тас туралы, ересектердің еңбегін бағалауды, өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға үйретеміз. Балаларға тек қана түсіндіріп қана қоймай, түрлі суреттер, видеолар арқылы көрсетіп отырамыз. Балаларымызға өздері тұратын ауыл туралы, көліктер туралы көптеген мағлұматтар бердік.

Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекетті жүйелі түрде өткізіп отырды.

### **Балалардың білімін бағалау**

**Балалардың біліктері мен дағдылары дамуының 2 жастан 6 жасқа дейінгі балалардың дамуын бағалау жүйесі және индикаторлар құрылымы бойынша жүргізілген.**

Мониторинг жылына 3 рет:

- бастапқы – қыркүйекте;
- аралық – қаңтарда;
- қорытынды – мамырда жүргізіледі.

Бастапқы мониторинг Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы базасында әзірленген Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдарына сүйекн отыры, ал аралық пен қорытынды мониторинг Балаларды ерте дамыту институты дайындаған Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдары – (Астана, 2023 - 68 бет) сүйене отырып жүргізілді.

Бағдарламаның барлық бөлімдерін қамтылуы бойынша қорытынды диагностика қорытындысы:

№	Қорытынды деңгейі	Физикалық Қасиеттерді дамыту	Коммуникативтік дағдыларды дамыту	Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту	Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру
1	Жоғары	62 %	57%	60%	60 %	62%
2	Орташа	38 %	43%	40%	40 %	38%
3	Томен	0%	0%	0%	0 %	0 %